

Уран өнімінің экспорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 желтоқсан N 1844

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Қазақстан республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ) "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК мен "УРАНГЕЗЕЛЬШАФТ" мБХ арасындағы 2000 жылғы 1 қыркүйектегі уран концентраттарын сатып алу мен сату келісімінің шарттарына сәйкес табиғи уранның шала тотық-тотық түріндегі (СЭҚ ТН коды 2844 10 390) 100 000 (+/-1%) кг U мөлшеріндегі уран концентратының экспортына рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ-на осы қаулының 1-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасынан уран өнімінің экспортына л и ц е н з и я б е р с і н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің

Кеден комитеті мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген өнімнің экспортын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК